

ISSN 0202 - 1382.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# ХАБАРЛАРЫ ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Серия  
Общественных наук  
2.2008



*Д.С. БАЙҒҰНАҚОВ*

## **Т.Н. СЕНИГОВА ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨНЕ ДӘУІР МЕН ОРТАҒАСЫРЛАР ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Өткен ғасырдың орта тұсында Қазақстан археологиясы қарқындап дами бастаған кезде нәтижелі жұмыстарымен ерекше көзге түскен археолог мамандардың қатарына Т.Н. Сенигованы да жатқызуға болады. Оның ғылыми ізденістері көне дәуірден кейінгі орта ғасырлар аралығындағы уақытты қамтып, отандық тарихнамадағы түрлі проблемалардың шешімінің табылуына, келелі ойлардың өрбуіне өз септігін тигізді. Ғалымның басты зерттеу нысандары ортағасырлық қала мәдениеті болып, ізденістерінде аталмыш кезеңдегі сан алуан сауалдар шешімі анықталды. Қазіргі таңда Т.Н. Сенигованың Қазақстан археологиясына қосқан үлесін бағамдау қажеттілігі Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасына сай да артып келеді. Себебі

ғалым далалық зерттеулер жүргізген көптеген археологиялық нысандарда қазба жұмыстары қайтадан жалғасып, тың мағлұматтар алыну үстінде. Бұл өз кезегінде зерттеушінің байырғы тарихтың көптеген мәселелеріне қатысты айтқан пайымдаулары мен тұжырымдарын талдаудан өткізуге деген сұранысты арттырып отыр. Сондай-ақ зерттеушінің ғылыми мұрасын жүйелеп, бір ізге түсірген мақалалардың өлі күнге дейін жоқтығы да төл тарихымыздағы белгілі жайт.

Отандық тарихнамада Т.Н. Сенигова ортағасырлық тарихтың маманы ретінде танымал болғанымен, оның көне дәуірлерді қамтыған бірқатар еңбектері де бар. Олардың көпшілігі ХХ ғасыр екінші жартысында Қазақстан аумағында



соны зерттеулер жүргізген Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының (ХАЭЭ) жұмыстарына тарихнамалық шолу жасауға арналған. Аталмыш экспедицияны Орталық Азия байырғы тарихының білгірі С.П. Толстов (1907-1976) басқарған болатын. Экспедиция жұмыстарына КСРО ҒА Этнография институты, Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институты (1947 жылдан бастап), Қарақалпақ педагогикалық институты сынды ғылыми-зерттеу мекемелері араласқан. Кіші ғылыми қызметкер Т.Н. Сенигова ХАЭЭ жұмыстарына араласып, республика аймағында жүргізілген зерттеулердің қорытындыларын алғашқыда «Хорезмская экспедиция и ее исследования на территории Казахстана» деген мақаласында жариялады [1]. Онда 1948 жылы қазылған Жетіасар шатқалындағы Сырдария өңіріндегі көне қалалардың (Алтынасар) материалдары бойынша алдын-ала Т.Н. Сенигова мынадай археологиялық-тарихи қорытындылар жасады: 1. Осындай типтегі қалаларда тіршілік ежелгі уақыттарда (б.з.б. III ғ.) басталған, бұған әдетте өзен бойына орналасқан қауымдық-рулық баспаналар кәуе бола алады. 2. Өндіргіш күштердің дамуының арқасында қауым егіншілікке көбірек ден қойды, олар Қуандария арнасының өзгеріп тұруына орай жартылай көшпелі сипат та иеленуі керек еді... 3. Бұл кезеңдегі ескерткіштер массагет-юэджи және қаңлы конфедерацияларына енген жергілікті автохтонды тайпалардікі еді және отырықшы қоныстарында егіншілікке қарағанда мал шаруашылығымен кеңірек айналысты. 4. Күшті отырықшы баспана-замоктарды өңірдегі жергілікті тұрғындар соқты, оны басқа облыстардан келген келімсектер тұрғызған жоқ, бұған жергілікті ерекшеліктері бар қыш ыдыстары айғақ болып табылады. 5. Кесінді және саусақпен басып түсірілген ою-өрнегі бар дөрекі ас үйлік қыш ыдыстар Сырдария төменгі ағысындағы кейінгі уақыттардың (VIII-X ғғ.) ескерткіштерінде өз ұқсастықтарын табады, мұның өзі жергілікті жетіасар типі көне замандардағы қазақстандық мәдени дәстүрдің жалғастығын, өзара тоғысын және сақталуын көрсетеді [1, 64-65]. Шындығына келгенде, ХАЭЭ зерттеулері Сырдария өңіріндегі ерте темір дәуірі мен ерте орта ғасырлардағы тың мағлұматтардың ғылыми айналымға енуіне жол ашқан болатын. Мұны кейінгі жылдардағы зерттеулер де көрсетіп берген еді.

Келесі жылы Жетіасар №3 — Алтынасар қалашығында қазба жұмыстары жалғасады. Көптеген тұрмыстық-шаруашылық бұйымдармен қатар мал сүйектерінен басқа балықтың да қылтанақтары алынады. Т.Н. Сенигованың ойынша шаруашылықтардың осы салалары және түрлі қыш ыдыстар сырдариялық тохарлардың бет-бейнесін нақты көрсетеді. Ол сырдариялық тохарлардың жергілікті тамыры б.з.б. II ғасырға кететіндігін айтып, басқа өңірлердегі қарым-қатынастарды Арал төңірегіндегі мәдениеттермен байланыстырсақ бірқатар сауалдарды шешуге болатындығын жазады [2]. Бұл мәселеге ол кейіннен «Раскопки на городище Алтын-Асар» деп аталатын мақаласында қайта оралды. Онда автор Орта Азия мен Қазақстан аумағын байырғы уақытта мекендеген массагет, сақ, усуньдердің тарихы орта-азиялық халықтардың ата-бабасының тарихы дейді. Экспедиция отрядтары тохар тайпаларының ескерткіштерін тек Қуандариядан ғана емес, Сырдарияның орта ағысынан да тапқандығын айтып, мұндағы ескерткіштерді Жетіасар кешені деп көрсетеді [3]. Кейіннен бұл кешен ғылыми айналымға қаңлылардың Жетіасар мәдениеті деп енгені белгілі. Аталмыш археологиялық мәдениеттің ғылыми айналымға енуіне өлі де біраз уақыт бар еді.

Бірақ, Т.Н. Сенигова алғашқылардың бірі болып мұндағы ескерткіштердің бірегейлігін көре білді, сол себепті де оның еңбектері ерекше құндылыққа ие. Қазба материалдарын мұқият талдаған ғалым мынадай қорытындылар жасаған. Оны қысқаша былайша жинақтауға болады: «1. Тұратын баспаналардың қарапайым сәулеттік ерекшеліктеріне қарағанда, қоғам б.з.б. VI-V ғасырларда рулық құрылымнан тұрған. 2. Күшті жартылай отырықшылыққа негізделген Жетіасар усадьбаларын жергілікті тохарлар тұрғызған... Олардың бір бөлігі қазіргі Тәжікстанда тұрақтап қалған, олар тұрған жер VI ғасырда Тохарстан атала бастаған. Басқа бір бөлігі Сырдарияның төменгі ағысында қалып, кейіннен ғұндарға қосылып, эфталит мемлекетінің құрамына енген және де ерте кездегі қазақ халқының этногенезін құраушылардың (компонент) бірі болған. 3. Массагет-скиф конфедерациясына енген Сырдария тайпаларының (аугасии, аппассиак, тохар) өзіндік мәдениеті ешқандай грек мәдениетінің ықпалына түскен жоқ. Олар үнемі көшпенді болған жоқ, жартылай отырықшы, отырықшы күй кешті. 4. Тохарлардың қыш



ыдыстары Украина, Солтүстік Кавказ жеріндегі байланыстар болғандығын аңғартады. 5. X-XII ғасырлардағы керуен жолдары Оңтүстік Ресей жерімен, Орта Азиямен, Қытаймен, т.б. елдермен байланыстар орнағандығын көрсетеді. 6. Сырдария өзенінің бойындағы ескерткіштерді зерттеу, мұнда грек, парсы және арабтар мәдениеті әкелді деген сөзді теріске шығарады [3, 68-69]. Ғалымның пікірінше, Сырдария бойындағы көне қалалар мәдениеті жергілікті халықтар мен тайпалардың қалдырған мұрасы болып табылады. Бұлар кейіннен қазақ халқының құрамына енген. Сырттан мәдениет әкелінді деу бекершілік. Жетісасар мәдениетінің қыш ыдыстары кем дегенде андроновтық мәдениеттен бастау алады. Сөйтіп, ол Қазақстан тарихының көне кездерінің үрдістерін зерделеген ХАӘӘ тапқан материалдарды, тарих ғылымына қосылған қомақты үлес деп ерекше бағалайды. Кейіннен Т.Н. Сенигова осы экспедиция материалдарының негізінде «Керамика городища Алтын-Асар. Опыт хронологической периодизации, построенной на материалах Хорезмской экспедиции Академии наук СССР 1946-1951 гг.» атты тақырыптағы кандидаттық диссертациясын жазып шықты [4]. Онда Сырдария бойындағы қыш ыдыстардың техникалық ерекшеліктері жайында сөз қозғалды. Кейіннен ғалым өз пайымдауларын толықтырып осы проблемаға қатысты көлемді мақалаларын жариялады. Мысалы, «К изучению технических особенностей керамики низовья Сыр-дарьи» деп аталатын мақаласында Алтынасар материалдарына сүйене отырып, зерттеуші қыш ыдыс жасауға пайдаланылатын илеуге, қыш ыдыстарды жасау техникасына, керамика бетін тегістеуге, ою-өрнектің түсірілуіне, ыдыстардың бетін сылауына, күйдірілуіне, т.б. сауалдарға жауап іздеді. Оның пікірінше, Алтынасар қаласының мәдени қабаты үш кезеңнен тұрады: төменгі қабат б.з.б. ІҮ-ІІІ ғасырлардан б.з. І-ғасырымен, ортаңғы қабат І-ІІІ ғасырлармен, жоғарғы қабат ІІІ-ҮІІ ғасырлармен мерзімделінеді [5, 215]. Осыған сай автор құмыралардың өзіндік келбетін анықтап берді және де ол алтынасарлықтар көне замандардан келе жатқан құмырашылық дәстүрді сақтап қалған деп тұжырымдама жасады.

Мұнымен қатар Т.Н. Сенигова археологиялық ізденістер тарихына да ден қойып отырды. Айталық, ол 1950 жылы Қазақстанда далалық жұмыстар жүргізген археологиялық экспедициялар ізденістерін қорытындылады.

Бұған арналған еңбегінде Батыс Қазақстан (жетекшісі Ә.Х. Марғұлан), Оңтүстік Қазақстан (жетекшісі А.Н. Бернштам) және Шығыс Қазақстан (жетекшісі С.С. Черников) археологиялық экспедицияларының ізденістерін талдап, басты нәтижелерін көрсетіп берді [6]. Өзі 1953 жылы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясын басқарып жүрген кезінде неолит, қола және ерте темір дәуірінің ескерткіштерін тауып, ғылыми айналымға енгізеді. Ғалым Батыс Қазақстаннан табылған археологиялық нысандарды үш хронологиялық топқа бөлген. Олар: рулық қауым ескерткіштері (неолит соңынан қола дәуірі бас кезіне дейін); сармат тайпалық бірлестіктеріне жататын б.з.б. ІІІ – б.з. ІІІ ғасырларындағы ескерткіштер; ХІ-ХІІІ ғасырлардағы көшпелілер ескерткіштері [7, 140]. Ең ерте кезге жататын неолиттік нысандар Сары-айдын, Райым көлдері жанынан, Новая Казанка елді мекенінен солтүстік-батысқа қарай жатқан құм-төбелерден табылған. Бұл объектілерден тас құралдары, керамикалық ыдыс сынықтары, жан-жануарлар сүйектері, т.б. жиыстырып алынған. Сонымен қатар бұл дәуірлерге жататын ескерткіштерді Т.Н. Сенигова сөл ертеректе Үстірттің батыс жағынан, Арал өңіріндегі Қызылқұмнан да тапқан болатын [8].

Сармат тайпаларының Көрпебай және Қараоба қорымдарындағы обаларды да Т.Н. Сенигова осы маусымда қазады. Бір айта кететін жайт, алғашқы қорымда 1899 жылы Мәскеу университетінің профессоры Харузин, 1948-1952 жылдары Саратов университетінің экспедициясы (жетекшісі И.В. Сеницын) қазба жұмыстарын жүргізген болатын. Т.Н. Сенигова бұл ғалымдар қазбаған 8 обаны аршып, Батыс Қазақстандық аталмыш обалардың хронологиялық кезеңін екіге бөліп көрсетеді: біріншісі б.з.б. ІІІ-І ғасырларға жатады (Көрпебай -1-7; Қараоба -1-3, 5-11); екіншісі (Көрпебай-6, 8) б.з. І-ІІІ ғасырларымен мерзімделінеді [7, 155]. Автордың ойынша екі хронологиялық кезеңдегі заттай мәдениеттің ұқсастығы мұндағы мәдениеттің үздіксіз дамығандығын аңғартады. Сонымен қатар Қараобадағы № 4, 12 обаларды ортағасырлық қыпшақтар (ХІ-ХІІІ ғасырлардағы) қалдырған деп есептейді.

Көне мәдениеттер мен халықтардың тоғысуы үзілмеген Қазақстанның Жетісу аймағын да Т.Н. Сенигова ғылыми жағынан жоғары бағалаған. Өзінің «К вопросу о генезисе культуры Семиречья» мақаласында автор б.з.б. ҮІ ғасыр



іргелес мәдениеттердің өзіндік ықпалын анықтаған. Кейбір еңбектерінде керамиканы дербес деректеме ретінде қарастырып, ол бойынша бүтін қалалардың заттай мәдениетін талдаған. Мысалы, «Керамика городища Туркестан из верхнего строительного горизонта (XVII-XVIII вв.)» деген мақаласында стратиграфиялық қазбадан алынған қыш ыдыстары сипатталынады [19]. Мұнда олар сырланбаған және сырланған деп екіге бөлініп берілген. Көрсетілген уақыттағы шарықтан өткен бұйымдарға терең шұқыр, хум, үш түрлі табак түрін, табакша, тагор, шырағдан, ваза сынды ыдыстарды жатқызады. Автор кейбір ыдыстардан керей, найман, қыпшақ, т.б. ру-тайпалардың таңбаларын ұшырастырып, мұндағы қазақ шеберлері XVI-XVIII ғасырлардағы қыш ыдыстардың негізгі жасаушылары екендігін анықтап берді [19, 186-187]. Сөйтіп, Т.Н. Сенигова Түркістаннан алынған қыш ыдыстардың бай коллекциясы көркемдік дәстүр мен сан алуан орындаушылық мөнерін анықтап, Сырдария өзені бойындағы қалаларда шаруашылық-экономикалық, соның ішінде тауар-ақша қатынастары дамығандығын, мұнда отырықшылық пен көшпелілік мәдениеттер тоғысқандығын нақтылай түсті.

Отандық тарихнамада Т.Н. Сенигова археологиялық жұмыстарындағы негізгі бағыт көне Тараз қаласы болғандығы белгілі. Мұнда ғалым соны зерттеулер жүргізіп, ізденістерінің қорытындыларын «Средневековый Тараз» атты іргелі еңбегінде жариялады [20]. Бұл монографияны орта ғасырлық қала мәдениетімен айналысатын мамандар үшін үстел кітапшасы десек артық айтпаған болар едік. Себебі монографияда қазба әдістемесі, материалдарды зерттеу тәсілдері нақты байқалып, басқа ғалымдар көтерген басты-басты мәселелері айқындалып, Тараз қаласының қалыптасып дамуы, ондағы қолөнер мен шаруашылық түрлері, қыш ыдыстары, баспана мен сәулет кешендері, қаланың аймақтағы сауда-экономикалық және тарихи рөлі толымды түрде тұңғыш рет баяндалған еді. Кітап жарияланған уақыттан бері оның материалдары үнемі зерттеушілер (К.М.Байпақов, М.Е.Елеуов, Н.О. Алдабергенов, т.б.) тарапынан жан-жақты талданып, түрлі сұбелі проблемалар өрбітіліп келеді.

Бірақ Т.Н. Сенигова шыққан монографиямен шектелмей, Таразға қатысты материалдарды одан ары жинастыра берумен, тың мағлұматтарды

ғылыми айналымға енгізумен үздіксіз айналыса берді. Бұған 1970 жылдар бас кезінде шыққан «О назначении двух стеклянных сосудов из Тараза» секілді мақалалары да айғақ бола алады [21].

Олархеологиялық жарқын олжаларды талдап, ортағасырлық халықтың таным-түсінігінің, дүниетанымының кейбір қырларын айқындауға үлес қосты. Мысалы, Еуразияның көптеген халықтарында кездесетін 12 жылдық жыл санауды ол Созақ ауданындағы Баба-Ата қаласы қазбасынан табылған монета тәрізді күнтізбе бойынша талқыға салды [22]. Мол әдебиеттерді қарастыра отырып, қала шахристанынан табылған бұл олжаны X-XII ғасырлармен белгіледі. Нәтижесінде ғалым бұл күнтізбені жергілікті түрік тілді тайпалар жасаған деген қорытындыға келіп, күнтізбе тамыры тереңде жатқандығын дәлелдеді.

Сайып келгенде, Т.Н. Сенигова тас дәуірінен кейінгі орта ғасырлар аралығындағы Қазақстанның көптеген археологиялық ескерткіштерін зерттеп, заттай мәдениет пен көне саяси тарих қырларын, байырғы түсініктер мен шаруашылық қарекеттер ерекшелігін зерделеген ғалым болып табылады. Көлемі шағын бұл мақалада ғалымның кейбір еңбектеріне тарихнамалық шолу жасалып, зерттеушінің ғылыми ізденістеріндегі негізгі концептуальдық ой-пікірлері жүйеленді. Болашақта ғалымның ғұмырнамасы, басты тұжырымдары өлі де тереңірек әрі кеңірек ғылыми тұрғыдан қарастырылуы қажет. Оның ғылыми мұрасы арнайы зерттелсе, отандық тарихнама біршама толығып, кемеліне жете түсері хақ.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сенигова Т.Н. Хорезмская экспедиция и ее исследования на территории Казахстана / Вестник АН КазССР, 1949. №7 (52). С. 62-66
2. Сенигова Т.Н. О работе Хорезмской экспедиции в Казахстане / Вестник АН Казахской ССР, 1950. №1 (58). С. 98-99
3. Сенигова Т.Н. Раскопки на городище Алтын-Асар / Вестник АН КазССР, 1952. №7 (88). С. 63-69
4. Сенигова Т.Н. Керамика городища Алтын-Асар. Опыт хронологической периодизации, построенной на материалах Хорезмской экспедиции Академии наук СССР 1946-1951 гг. Автореф. дисс. канд. ист. наук. М., 1954. - 14 с.
5. Сенигова Т.Н. К изучению технических особенностей керамики низовья Сыр-дарья / Труды ИИАЭ АН КазССР, 1959. Т.7. С. 215-230
6. Сенигова Т.Н. Археологические экспедиции 1950 года / Вестник АН КазССР, 1951. №1. С. 134-137
7. Сенигова Т.Н. Отчет о работе Западно-Казахстанской археологической экспедиции 1953 года / Труды ИИАЭ АН КазССР, 1956, Т.1. Археология. С. 140-156



сипаттап өткен. Олардың биіктігін, енін, жасалу техникасын, киімін, бедерлік ерекшеліктерін айқындаған. Сөйтіп, түрік тайпаларына тән бұған дейінгі анықталған тас мүсіндердің шекарасын кеңейткен [13, 283].

Мұнымен бірге зерттеуші будда иконографиясына қатысты медальонды талдайды. Т.Н. Сенигова пікірінше Қысмышы қаласынан табылған бұл қола медальонда Будданың көмекшілерінің бірі бедерленуі әбден көдік [13, 284]. Т.Н. Сенигова буддизмге қатысты идеологиялық түсінік-танымдар Тараз, Түркістан, Қысмышы секілді ортағасырлық қалалардан ұшырасады, бұл діннің сәулеті мен буддалық мүсін өнерінің айғақтары аздап болса да бар дейді [14]. Соларға шолу жасай келе Жетісу жеріне буддизм ерте кездері-ақ тарала бастағандығын дәлелдеді.

Сонымен қатар Жетісудағы культтардың бірі ретінде зерттеуші арыстан бейнесіне кеңірек тоқталған. Ол «Изобразительный мотив льва в прикладном искусстве древнего Казахстана» деп аталатын телеңбегінде Қазақстанда арыстан бедері б.з.б. VII ғасырдан бастап ұшырасады дейді [15]. Түгіскен мен Ұйғарақ, Тасмола, Берікқара-1 және де Жетісу ескерткіштерінде кездесетін арыстан бейнесі сақ стилінде жасалған дейді. Бірақ зерттеушінің айтуынша арыстан бейнесі кіші-азиялық туынды [15, 66-67]. Сірә, ғалымның мұндай көзқарасқа келуіне сол уақыттардағы аң стилінің қалыптасып, дамуында алдыңғы азиялық сарын байқалады деп айтқан зерттеушілердің пікірлері үстем болған сияқты. Дегенмен, археологиялық материалдар ерте орта ғасырларда да арыстан бедері маңызды культтардың бірі болғандығын нақты көрсетеді. Бұған Отырар, Тараз, Текелі, Түркістан, т.б. қалалардың артефактілері куә бола алады.

Т.Н. Сенигова 1950-жылдар ортасында Қостанай археологиялық экспедициясының (жетекшісі Г.И. Пацевич) құрамында отряд басшысы болып жұмыс істеді. Мұнда Г.И. Пацевичпен бірге игерілетін тың және тынайған жерлерді археологиялық тұрғыдан зерттеді. Экспедиция картаға 88 археологиялық нысанды түсіріп, облыс жерінен 32 оба қазды. Ең маңызды ескерткіштер Таранов, Пешков аудандарының аумақтарынан қазылып, қола дәуірінен бастап кейінгі орта ғасырлар уақытымен мерзімделді [16]. Алынған материалдар Қазақстанның солтүстік өңіріндегі, оның ішінде Тобыл

бойындағы археологиялық мәдениеттер проблемаларын қарастыруға мол жағдай жасады.

Негізінен алғанда, Т.Н. Сенигова Қазақстанның ортағасырлық қала мәдениетін зерттеуге қомақты үлес қосқан ғалым ретінде кеңінен танымал. ол ұзақ жылдар бойы Түркістан, Тараз секілді қалаларды қазып, сан алуан материалдар жинақтаған. Айталық, 1972-1973 жылдары Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі маңындағы үш культтық кешенде (Кіші қылуат, шіллекана, Үлкен қылуат) жүргізілген жұмыстарға қатысты да, олардың толыққанды сипаттамасын жасады [17]. Бұрын зерттеген ғалымдардың (Г.И. Пацевич, Н.Б. Немцева, т.б.) еңбектерін талдаудан өткізе отырып, кешендердің әрбір бөлмесінің аумағын, салынған мерзімін анықтады. Табылған заттарды (қыш ыдыстары, сүйектер, т.б.) сипаттап, жасалған уақытын, соған қарап кешендердің қай уақыттарға дейін пайдаланылғандығын анықтады. Кешендердің жоспарын анықтап, жекелеген бөлмелерінің құрылысын нақтылады. Ол стратиграфиялық мәліметтер мен керамикалық материалдарға қарап Үлкен қылуат XV-XIX ғасырларға дейін жұмыс істеп тұрғандығын, кіші қылуатті соққан кезде Әулие Құмшық-Ата құрылысында пайдаланылған төсілдер қолданылғандығын дәлелдеді [17, 58].

Соңғы аталған культтық құрылысқа қатысты ғалым арнайы мақала жазған, онда бұл кешеннің бірегейлігі көрсетілген. Мақаласы «Уникальное культовое сооружение Аулие Кумчик-Ата в районе г. Туркестана» деп аталынады [18]. Онда қазылған ескерткіштер қатарына Қылуат пен Әулие Құмшық-Ата жатқызылды. Әулие Құмшық-Ата автордың айтуынша XII ғасыр орта тұсында тұрғызылған. Ескерткіш культтық мөнін XIII-XIX ғасырларда да жоймаған. Т.Н. Сенигова дөңгелек жоспардағы мұндай құрылыстар Орта Азияда б.з.б. IV ғасырлардан бастап белгілі екендігін (Толстов зерттеулеріне сүйеніп) айтады, бірақ бұл ескерткіштің өзгешелігін ол «жер астына салынған және де дөңгелек бөлме шаршы сынды құрылыспен, серпантинді тоннелмен үйлеседі» -деп көрсетеді [18, 120-121].

Сондай-ақ ғалым археологиядағы негізгі дерек көздерінің бірі болып табылатын қыш ыдыстарына ерекше мән беріп отырған. Мұны зерттеушінің барлық ізденістерінен де байқауға болады. Еңбектерінде керамикалық материалдарды сипаттап, солардың негізінде көптеген ескерткіштердің даму деңгейін немесе



мен б.з. XII ғасырлар аралығындағы заттай мәдениеттің негізінде қазақ халқы тарихының біртұтас екендігін, ол ерте замандардан басталатындығын айғақтады. Негізінен мақаласында сақ мәдениеті жайында сөз өрбітілді. Онда автор кездейсоқ табылған немесе музейлерде тұрған қазандар, сондай-ақ шылапшын (су сағат), мүсін, қорапшалар, ерекше құмыралар жайлы ақпараттарды жинап, ғасырлар арасындағы мәдени ұқсастықтарды паш етті [9]. Нәтижесінде сақ заманындағы ыдыстардың кейінгі уақыттарда да жасалғандығын, мұндай металлургиялық орталықтардың бірі Тараз жазирасы (оазисі) болғандығын айтты. Анторополг-мамандардың сақ заманында моңғолдану жүрген деген сөзіне назар аударып, мұны әлі тереңдете зерттей түсу қажет екендігін көре білді.

Т.Н. Сенигова қазба жұмыстарын атқарған ерте темір дәуіріне жататын ескерткіштердің бірі - Ақтөбе қонысы. Бұл қоныс Оңтүстік Қазақстандағы ортағасырлық Баба-ата қаласынан 7 км солтүстік-батыста қарай жатыр. Қазба жұмыстарына дейін ол 50 м-дей, биіктігі 3 м-дей төбешік еді. Мұнда тыңғылықты зерттеу жүргізген Т.Н. Сенигова ойынша қоныста екі қайтара құрылыс жүргізілген, бұл едендегі деңгейден нақты байқалады. Бірнеше баспаналар орнын аршып, сан алуан шаруашылық-тұрмыстық заттарды тапқан Т.Н. Сениговаға мынадай қорытынды жасады: аршылған төбе Оңтүстік Қазақстандағы ең ерте кездегі ескерткіштер қатарына жатады, мұндай бекініс Ферғанадағы мархамат кезеңіне (б.з.б. III ғ. — б.з. III-IV ғ.) тән. Усадьба жоспары Хорезм, Шірік-рабат (б.з.б. IV-II ғасырлар) ескерткіштеріне ұқсас. Тастан, балшықтан, сүйектен жасалған бұйымдардың көпшілігі б.з.б. III ғ. мен б.з. III ғ. аралығындағы археологиялық нысандардан алынған заттармен бірдей [10]. Кезінде А.Н. Бернштам оңтүстікте қазба жүргізілмей тұрып мұндағы баспаналар жоспары бойынша көшпелі құрылысқа тән болған деп пайымдау жасаған болатын [11, 88]. Т.Н. Сенигова зерттеулері мұның орынсыз екендігін дәлелдеп берді. Ол қоныстар арасы бір-бірінен 40-100 м және жандарында қорымдар болатындығын жаза келе, баспаналарда үлкен патриархалды отбасылар тұрды, отбасы мүшелерінің саны 50-ге дейін жетті дейді [10, 78-79]. Сөйтіп, ғалым көне замандардағы демографиялық үрдістердің кейбір мәселелерін де шешуге ұмтылды. Зерттеуші

байырғы ақтөбеліктердің шаруашылық қарекеттері мен күнделікті тұрмысында егіншілік маңызды рөл атқарғандығын айтып, оңтүстіктегі отырықшылық күй кешу осы уақыттарда басталғандығын тұжырымдады.

Ақтөбе қонысы маңындағы жартас берлеріне де Т.Н. Сенигова ерекше мән берген. Ғалым бұл жерден петроглифтердің сегіз тобын есептеп шыққан. Негізгі суреттер — таутеке, бұғы, түйе, т.б. Бұлардың барлығын Т.Н. Сенигова талдап сипаттайды да, Орталық Азиядағы басқа археологиялық нысандардың (Саймалыташ, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Сібір, т.б.) материалдарымен салыстырып, өз ойын былай түйіндейді: суреттердің басым бөлігі (I, III, IV, V топтар) б.з.б. VI-V ғасырлармен, қалғандары (III, VI, VIII топтар) б.з. I-III ғасырларымен мерзімделінеді. Жануарлар қаңқасының түсіруілуіне қарағанда V-топтың VI-VIII ғасырларға жатуы әбден кәдік [12, 97]. Жартас бейнелерінің тақырыбы мал шаруашылығы мен аңшылық жайында болуы да байырғы ақтөбеліктердің тұрмысынан ақпарат береді. Соңғы аталған уақыттағы өнер туындыларының қатарына Т.Н. Сенигова «Новые находки в Семиречье» мақаласында көрсетілген Жетісудағы Қашқарата, Асансай, Қарасай өзендерінің қосылған жеріндегі 1050 м биіктіктегі жартас бедерлерін де жатқызады [13, 282-283].

Аталмыш мақаласында негізінен автор Қазақ КСР Тарих, археология және этнография институтының қызметкерлері кездейсоқ ұшырастырған немесе басқа ақпарат берушілер әкеліп берген артефактілерді топтастырып, терең ғылыми талдаудан өткізген. Артефактілерді Т.Н. Сенигова алдымен сақ-усунь, түрік және орта ғасырлық (моңғолдардан кейін ХҮІІІ ғасырға дейін) деп бөледі. Алғашқы топқа пазырық заманындағы сақинаны, б.з.б. III-II ғасырлардағы қазандарды, қыш ыдыстарын жатқызады. Қыш ыдыстарындағы қосымша жапсырмаларды Сырдария алабындағы керамикамен салыстырып, ондағы дәстүр осы аймақта және Жетісуда VI-VIII ғасырларға дейін сақталғандығын айтады [8, 280]. Ал, IV-V ғасырларға ай тәрізді сырғаны және Горный Гиганттан табылған зергерлік бұйым-пластинаны, Нарынқолдағы Қошқар тауынан табылған құмыраның имек ұстағышын жатқызады [13, 281]. Әрқайсын жеке-жеке талдаудан өткізіп, өзіндік маңызын көрсетеді.

Сондай-ақ ғалым Көкталдың оң жағалауынан табылған ерте орта ғасырлық тас мүсіндерді де